

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжі

«Сәндік қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік» кафедрасы

## «ШЕБЕРЛІК» пәнінен АШЫҚ САБАҚТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЫ

Тақырыбы: «Тоқыма жиынтығы (диптих, триптих)»  
*«Тоқымадағы түкті және тықыр шалыстарын қолданып тоқу»*



Орындаған:  
«Сәндік қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік»  
кафедрасының арнайы пән оқытушысы:  
**Жорабекова Барно Ергешовна**

Шымкент 2022

«Сәндік қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік» кафедрасы

## **АШЫҚ САБАҚТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЫ**

«Шеберлік» пәнінен

**Тақырыбы: «Тоқыма жиынтығы (диптих, триптих)»  
«Тоқымадағы түкті және тықыр шалыстарын қолданып тоқу».**

Орындаған:  
«Сәндік қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік»  
кафедрасының арнайы пән оқытушысы:  
***Жорабекова Барно Ергешовна***

«Сәндік қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік»  
Кафедрасының отырысында қаралды:  
№ хаттама, «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2022 ж.  
Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Бақырданова А.А.

## «Шеберлік» пәнінен ашық сабақтың нұсқауы

**Курс 4, Тобы:** КТ-9-09

**Мамандығы:** 0413000 – «Сәндік қолданбалы өнер және халықтық  
Кәсіпшілік өнері»

**Біліктілігі:** 041316 3 – «Суретші»

**Ашық сабақтың өткізілетін күні:** 24 қараша 2022 ж.

**Тақырыбы:** «Тоқымадағы түкті және тықыр шалыстарын қолданып тоқу»

**Мақсаты:** қазақ халқының ұмытылып бара жатқан мәдени мұрасын жаңғырту - ұлттық дәстүрімізді жалғастыру. Халықтың дәстүрлі қолөнері мәдениетінің қазыналарын жинап, қолөнер шеберлерінің бұйымдарын және өздерін суретке түсіру, олардың қолөнерге тән аса құнды тәжірибелері мен дәстүрлі бұйымдардың жасалу жолдарын үйрену, әр өңірдің қол өнері бұйымдарын салыстыра отырып, зерттеу. Өнердің мәңгі өшпейтін осы түрінің сыры мен қырын үйрену.

*Гипотеза.*

1. Қазақ қолөнерінің тәлім - тәрбиелік дәстүрлерін үйрену.
2. Қоғам өміріндегі еңбектің, халық қолөнерінің рөлін түсіну өнер адамдарын құрметтеу.
3. Түрлі ою - өрнекті, көне мұраларды тауып, түрлендіре жаңғырту.

### **Міндеттері:**

- **Білімділік:** Оқушылар сабақта тоқыма бұйымдарын жасау жайлы терең білім алады және өздері сабақ барысында орындайды. Оқушыларға қазақ халқының ұлттық тоқыма бұйымдарының ерекшеліктерін, түрлерін, пайдалану және тұтыну ерекшеліктеріне қарай безендіру туралы түсінік беру.
- **Дамытушылық:** Сабақ барысында теория мен практикалық дағдыларға сүйене отырып оқушылардың қызығушылығын, іскерлігін ұйымдастыру. Ашық сабақтың тақырыбына байланысты оқушылардың шеберлік сабағына деген көркем шығармашылық белсенділігін дамыту. Оқушылардың эстетикалық талғамын арттырып, халқымыздың ұлттық қолөнер тарихын, оның ішіндегі тоқыма тарихын зерттеуге қызығушылығын арттыру, ойын, қиялын, іскерлігін дамыту.
- **Тәрбиелік:** Өз халқының салт – дәстүрін, ұлттық қолөнерін сыйлауға, құрметтеуге, мақтан етуге, өркендетуге тәрбиелеу. Өз жұмысына деген ұқыптылықты, адамгершілікті тәрбиелеу.

## **Табиғи материалдар және оларды өңдеу жолдары.**

*Мақсаты:* Табиғи материалдар көркем қолөнерді жасату арқылы оқушылардың психологиясына әсер етеді.

Осы мақсаттан төмендегідей міндеттер туындайды:

1. Психологиялық дамуын қадағалау.
2. Адам организміне қажетті заттарды іс жүзінде пайдалана білуге үйрету.
3. Өсу мен дамудың негізгі биологиялық заңдылықтары туралы түсінік қалыптастыру.
4. Табиғи және құнсыз материалдардан пайдалану арқылы баланың шығармашылық дарынын дамыту, ерекше дара қасиетті байқау.
5. Бастаған істі аяқтап шығуда табандылық танытуын қадағалау.
6. Еңбек етудің қажеттілігін ұғындыру.
7. Сыртқы ортаның әсерін сезіне білуге үйрету.
8. Ой-өрісін дамытып қызығушылықты арттыру.

Әр түрлі тәсілмен орындалған тоқыма бұйымдарының түрлері (тықыр және түкті), көрнекіліктер, тоқыма айқаспаларының сызбалары және үлгілері, аралас техникада жасалған тоқыма бұйымдары, оқулықтан және ғаламтордан иллюстрациялар.

### **Құрал-жабдықтар:**

Тоқыма станогі, боялған түрлі-түсті тоқыма жіп, негіз жіп, тоқпақ немесе шанышқы, қайшы.

### **Білім мазмұны мен оқыту әдістерін ізгілендірудің жолдары:**

Қай халықтың болмасын ұлттық мұрасы, халықтың қазынасы - қолөнері болып табылған. Халық шеберлері ұлттық қолөнер бұйымдарын жасау арқылы сол халықтың этикалық және мәдени ұлттық дәстүрін көрсете білген.

Атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық қолөнерді өткен ғасырда жоғалтып ала жаздап, егеменді ел болғалы өз мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді, рухани сән-салтанатымызды, ырым-нанымы, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілік болмысымызды қайта жандандырып, қазақ қолөнері қайтадан ел арасына, білім ордасына бірте-бірте тамаша үлгілерімен еніп, оқушыларға жан-жақты білім мен тәрбие беруге, жаңаша еңбек етуге талпындырып отыр.

Табиғат адам өміріндегі ең керекті қазына көзі. Табиғи материалдармен жұмыс шәкірттердің ой-өрісін дамытуға, әсемдікке дене бітімінің сымбатты болып өсуіне психологиялық дамуына және отаншылдық рухқа баулуда үлкен әсерін тигізеді. Табиғи материалдардың түрлері өте көп, оны пайдаланып өңдеу, оқушылардың жұмыс барысында өз білімдерін кеңейтеді. Болашақ ұрпақтың сана-сезімін, ұлттық психологиясын, оны ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Ұлттық педагогиканы насихаттауға қай пәннің болса да ыңғайы мен мүмкіншіліктері мол. Сонымен технология сабақтарында қолөнерге үйрету арқылы тәлім-тәрбиені оқу — тәрбие процесіне арқау ету қажеттігін күн тәртібі туындатты.

Табиғи материалдардың бірі жүн. Жүнді пайдалану арқылы қолөнер бұйымдары: киіз басу, сырмақ сыру, текемет, алаша және ұлттық киімдер мен кілем тоқу сияқты күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпай келе жатқан сондай дәстүрлі қолөнер үлгілерін жаңаша әдіс-тәсілдерін үйрету - оқушыны еңбексүйгіштікке, әсемдікке талпындырып, халқының тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, дәстүрін жалғастыра білуге баулиды.

Сәндік қолөнерге үйреткенде белгілі шеберлердің туындыларына талдау жасап, мүмкіндігі болса еңбектерін көрсетіп, мұражайларды аралатып немесе шеберлердің жеке көрмелеріне апарып, оқушылардың қызығушылығы мен ой-өрісін ояту қажет деп санаймыз.

Оқушыларға тәрбиелік мәні бар халықтық мұралар аз емес. Қазақ халқының өнерін, іскерлігін, өнер шеберлерінің қолынан шыққан алуан түрлі заттар мен бұйымдарды айтып, бұрынғысымен бүгінгісін салыстыра отырып, ұлттық өнерді сүйеге, құрметтеуге баулу, бүгінгі шәкірттерді ертеңгі еңбеккер, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелейді, оқушылардың жүрегіне жол тауып, олардың бойында еліне, жеріне, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін, пәнді оқып үйренуге деген ынтасын, құштарлығын арттыру, қазақ қолөнерін жас жеткіншектердің санасына жеткізудің құралы.

Ою-өрнекке мән беруге үйрену арқылы астарлы ойлау қабілетіміз қалыптасады. Қолөнерді игеру арқылы кез келген істі төзіммен аяқтауға жаттығамыз және еңбек етуге үйренеміз.

### **Тақырыпты оқытудың жоспарланған нәтижелері.**

#### **Біліктілігін арттырады:**

- Ашық сабақтың басты мақсаты – мақсатты шешу жолында, бұл сабақ білім алушыларды әдістемелік жағынан дұрыс тоқыма өнімдерін дайындауды үйретеді;
- материалдарда орындау техникасын таңдау;
- дәстүрлі технологияларды кең көлемде пайдалану;
- қазіргі инновациялық технологияларды қолдану;
- безендірудің әдістері мен тәсілдерін қолдану;
- дайын жұмысты сапалы және көркем безендіру.

Материалмен жұмыс жасау барысында, білім алушылар инновациялық технологияларға сүйенеді. Әртүрлі тоқыма айкаспаларының орындау техникаларын қолданады. Сабақтың негізгі мақсаты – жоғарғы біліктілікті сәндік қолданбалы өнердің көркем тоқыма суретші – шеберін дайындау, қазіргі және ұлттық дәстүрлі кәсіптік технологияны меңгеру. Ұлттық сәндік өнер мен өз халқының дәстүрін білетін, өз отанының патриотын дайындау. Шығармашылық ойды еркін көрсете білетін, жеке жұмыс істей білуге дайын оқушы дайындау мақсаты қойылған.

### **Пысықтайды:**

«Шеберлік» пәні білім алушыларды тәжірибеде тоқыма бұйымдардың әртүрлі түрлерімен жұмыс істей білуге мүмкіншілік береді, әртүрлі тоқыма техникаларымен көркемдік сомдау, тоқыма бұйымдарының түрлерін меңгеруге мүмкіндік береді.

Бұйымның жоғарғы эстетикалық тұрғыда лайықты, орындалуында ұлттық дәстүр сақталған және бояуларымен түстердің суретте құбылып, өзара үйлесуі, техникалық әдістері арқылы ажыратылады.

Бағдарлама төменгі принциптерден тұрады:

- тоқыма бұйымдарының түрлерімен технологиясын таныстыру;
- тоқыма бұйымының композициялық шешімін орнындау;
- тоқыма бұйымына қажетті материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындау;
- тоқыма бұйымының технологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып жұмысты бастау;
- материалда тапсырманы орындау;
- тоқыма бұйымдарды безендіру әдістері.

### **Сабақтың жоспары:**

- 1. Ұйымдастыру бөлімі- 5 мин**
- 2. Өткен сабақтағы материалды пысықтау-10 мин.**
- 3. Жаңа сабақты түсіндіру (тақырыбын, мақсатын, міндетін баяндау) - 10 мин**
- 4. Жаңа тақырыпты пысықтау (өзіндік жұмыс – тоқымадағы түкті және тықыр шалыстарын тоқып көрсету) - 60 мин**
- 5. Сабақты қорытындылау-5мин**

## **Сабақтың барысы.**

### **1.Ұйымдастыру бөлімі.**

1. Оқушылармен сәлемдесу;
2. Келмеген оқушылар тізімін анықтау;
3. Сабаққа қажетті оқу-жабдықтарының түгелдігін қадағалау;
4. Техника қауіпсіздік ережелерін қайталау;
5. Оқушылардың сабақ алдындағы көңіл күйіне назар аудару.

### **2. Өткен сабақтағы материалды пысықтау.**

Оқушылармен өткен сабақтағы мәліметтерді сұрақ жауап арқылы есіне түсіру және пысықтау :

- 1.Тоқыма тоқу өнері мен гобеленнің жалпы түсінігі.
2. Көркем тоқыма бұйымдарына нелер жатады?  
(киіз үйдің ішкі және сыртқы көрінісін безендіруге арналған бұйымдардың барлығы жатады)

3. Тоқыма тоқу технологиясындағы әдістер?
4. Композициядағы диптих, триптих дегеніміз не?
5. Тоқыма бұйымы(гобелен) немен құнды?
6. Қазақстанға әйгілі Гобеленшілер?

### **3. Жаңа сабақты түсіндіру. (тақырыбын, мақсатын, міндетін баяндау).**

**Бүгінгі сабақтың тақырыбы «Тоқыма жиынтығы (диптих, триптих)»  
«Тоқымадағы түкті және тықыр шалыстарын қолданып тоқу».**

Кілем түкті және тықыр болып келеді. Түкті кілемге түк салуға арналған жіп асқан ептілікпен біркелкі, өрмек жібінен сәл жуандау, бірақ бос иіріледі. Бірнеше қабаттан тұрады, оның негізгі арқауы жекелеген жіптер және бір-біріне тығыз орналасқан түйіндер бар. Жіптердің ұшы біркелкі қырқылады да ол қалың түк құрап, әлгі түйіндерді көрсетпей жауып тұрады. Осы түктердің ұзындығы 3 миллиметрден 18 миллиметрге дейін жетеді. Ол кілемнің қалыңдығын, мықтылығын арттырады, оны барқыт сияқты жұмсақ етіп көрсетеді. Ою-өрнектеріне сапасына бояу түріне тұрмыста қолданылуына қарай әр алуан атаулары болады.

Түкті кілем тоқу технологиясы. Әсемдік үшін, сондай-ақ үйдің жылылығын сақтау, дыбысты бәсеңдету үшін пайдаланылатын түрлі-түсті ою-өрнек салып тоқылған бұйым. Кілем бір немесе бірнеше қабатты, түкті немесе тықыр болып келеді. Түкті кілем бірнеше қабаттан тұрады. Мұндай кілемнің негізі және арқауы жекеленген жіптерден, бірақ бір-біріне тығыз орналасқан түйіндерден тұрады. Жіптердің ұшы біркелкі қырқылғаннан кейін пайда болатын қалың түк мұндай түйіндерді көрсетпей жауып тұрады. Түктің ұзындығы 3 мм-ден 18 мм-ге дейін болады. Ол кілемнің қалыңдығын, мықтылығын арттырумен бірге оны жеңіл (барқыт тәрізді үлпілдек) етіп көрсетеді. Тықыр кілем (кілем, палас, сумаха, шпалер, терме алаша және т.б.) бір өріс жібінен бір қабатты екі жақты тығыз етіп тоқылады. Түгі қырқылмаған (түз ақшалы), кейде түгінің жартысы қырқылып, жартысы қырқылмаған аралас кілемдер де шығарылады. Сонымен қатар тоқыма емес (түгі тігілмелі, шыбықшалы, желімді кілемдер), түскиіз, ою-өрнек салынған тері кестелі өрме кілемдер де болады. Дайындалу тәсіліне қарай кілемдердің қолдан және машинамен тоқылған түрлері болады.

Қолдан тоқылған кілем тоқыма станоктарында өндіріледі. Өте берік келеді, күтіп ұстағанда ондаған жылдар бойы, кейде жүз жылдан астам уақыт пайдалануға болады. Қолдан тоқылған түкті кілемді тоқуға жүн (қой, ешкі, түйе жүні), мақта-мата, жібек, зығыр, кендір жіптері пайдаланылады. Қолмен тоқылатын кілемнің түгі ор түрлі бояулы жіптерді әрбір екі өріс жібіне шалу арқылы жасалады. Майда өрнек қажет болғанда бір ғана өріс жібіне түйіледі.

Олар көбіне қос шалымды, кейде бір жарым шалымды тұзақша түрінде болады да, ұшы бетіне шығарылып, қырқылып тасталады. Бірыңғай қатар жатқан тұзақшалардан кейін арқау жібін жүргізіп, алдыңғыларына қарай тарақпен нығыздай қағып отырады. Түк үшін жүннен иірілген жіп (кейде жібек жіп), ал өріс және арқау үшін мақта жіп қолданылады. Көбіне ұсақ өрнек жасау үшін өрістік мақта жіп жіңішке жібек жіппен алмастырылады.

**4.Композициялық бөлімді талдау.** Оқушылар бұйымның композициясына мұқият зер салғаны дұрыс. Алдымен қандай бұйымға арналатынын біліп алған дұрыс. Себебі әр бұйымның орындалу техникасы әр түрлі. Мысалы: кілем тоқу, гобелен тоқу, матаға сурет салу, киіз басу сияқты қол өнер бұйымдары. Ол бұйымдарда бейнеленетін ою-өрнектердің өзі ерекшеленеді.

**5. Жаңа тақырыпты пысықтау  
(жаңа тақырып бойынша өзіндік жұмыс)**

Өзіндік жұмыс барысында оқушылар аралас тоқыма техникасымен кілемше тоқуға кіріседі. Ол мынадай реттілікпен жүзеге асады:

- 1.Ең алдымен әр оқушы жасайтын тоқыма бұйымының нобайын қағазға салып, картонын жасау қажет.Сур.1;



Сурет 1



1. Тоқыма бұйымын жасауға қажетті материалдарын, құрал жабдықтарын даярлау қажет. Сур.2;



Сурет 2

2. Шағын құрылғыға негіз жіп керіледі (уақытын үнемдеу мақсатында, оқушылар негіз жібін құрылғыға керіп дайындап келеді). Сур.3;




Сурет 3

3. Тоқыма бұйымының композициясы бойынша тоқыма жіптердің түр түсін ажыратып «колер» жасау. Сур.4;



Сурет 4

5. Темір құрылғыға керілген негіз жіптерін түйіндеу, полотнянка тоқу, күзу байлау, картонды орналастыру барысы. Сур.5;



Сурет.5

6.Берілген тоқыма түрлерін қолданып тоқыма тоқу барысы;



Сурет 6

## 7. Жұмысты аяқтап, безендіру жұмыстары.



Сурет 6

### 6. Сабақты қорытындылау.

1. Оқушылардың бір біріне баға бергізу.
2. Оқушылардың жасаған жұмыстарына қарап бағалау.
3. Үйге тапсырма: Тоқыма бұйымын аяқтап, безендіріп келу.

### 7. Нәтижелі еңбектің арқасында байқалатыны:

- ең алдымен баланың қолөнерге деген қызығушылығы арта түседі;
- іске бейімділігі мен икемділігі қалыптасады;
- шығармашылық қабілеті артады;
- өз қиялы, өз идеясы, өзіндік пікірі, өз көзқарасы қалыптасады;
- шығармашылық ізденіс пайда болады;
- өзіндік еңбек ету қабілеті ашылады;
- шеберлік, іскерлік дағдылары қалыптасады;
- кәсіби шеберлігі өседі

## **8. Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. «Қазақ халқының қолөнері» С.Қасиманов, Алматы 1969ж
2. Анри де Моран. История декоративно-прикладного искусства.- М.: Искусство, 1982.
3. Арғынбаев А. Қазақ халқының қолөнері.- Алматы: Өнер. 1986
4. Әмірғазин Қ. Қазақ қолөнері. -Алматы: ТОО Дайк-Пресс. 1996
5. Әбдуалиева Ш. Халық қол өнері.- Алматы: Рауан,1992
6. Әбдіғаппарова Ұ.М. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері.-Алматы; Өнер, 1999. 21 б.
7. Бердібеков Р. Сарқылмас қазына.- Алматы: Мектеп, 1983.
8. Балкенов Ж. Халық мұрасындағы ұлттық өрнек және рең.- Қарағанды,1996.
9. Мұқанов Қ. Жүннен жасалатын бұйымдар. –Алматы: Қайнар,1990.

## Қорытынды

Еліміз егемендік алғалы жас ұрпаққа өз халқының өнегесін, әдеп – ғұрпын насихаттау күн тәртібіндегі мәселе. Жалпы табиғи материалдардан бұйымдар жасаудың жаңаша әдіс-тәсілдерін енгізу өнерін зерттеу барысында оның түрлері, жасалу жолдары айтылған.

Адам қоғам үшін табиғи материалдардан бұйымдар жасау өнерінің жасалуын зерттей келе, қолөнер байлығымыз екенің білдік.

Табиғи заттардың адам баласына тигізер әсері мол. «Өнерлінің алтыны қолында, байлығы жатыр жолында» дегендей табиғи заттарды немесе тұтынуға жарамсыз заттарды пайдаға жарата білу қажет. Табиғи бір ғана нәрсені өңдеп сәндік бұйым шығару үшін ойын бір жүйеге келтіреді, жүйке қызметін ретке келтіруге, ашуды, қайғыны басуға ықпал етеді. Басқа да қасиеттері толып жатыр.

Оқушының дарынын жоғалтпай, жұлдызын сөндіріп алмай уақытылы танып, дамытып, құрметтеу, ұлт мақтанышы боларлықтай болу – ол әрбіріміздің міндетіміз.

Ұрпақтарымызға ұмыт болып бара жатқан осы қолөнер туындысын таныстырып, қолөнер, сурет, архитектура және өндіріс салаларына ендіріп қана қоймай, осы өнерді қайта жаңғырту біздің мақсатымыз.

## ҚОСЫМШАЛАР

Шығармашылық жұмыс «Ұлттық ойын-Тенге ілу,Көпар»

